



РЕДАКТОРДАН

Көшбасшының күрделі миссиясы

Армысың, оқырман!

Қазақстан дегенде көпшіліктің көз алдына Алатау баурайындағы әсем қала Алматы елестейтіні рас. Көп жылдар бойы ол Орталық Азияның біраз бөлігін алып жатқан еліміздің мәдени, экономикалық, білім орталығы болып келді.

Тәуелсіздік жылдары ішінде сол аумақтағы елдердің тағдырында көптеген өзгерістер орын алды. Бірақ Алматы өзінің болмысын жоғалтқан жоқ. Дегенмен қазір онымен елордамыз, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе қалалары және өзге де облыс орталықтары иық тірестіретіндей дәрежеге ұмтылып келеді. Қалай десек те өңірлер әлі де Алматыға қарап бой түзейді. Бұл әсіресе білім саласына қатысты.

Бет түзейтін құбыла тәрізді болған соң, сол үддеден шықпау – сын. Екі миллионнан астам тұрғыны бар қалада еліміздегі жоғары оқу орындарының үштен бірі шоғырланған, оның әрбір оныншысы колледж, 200-ден астамы толық комплектілі мектеп, қосымша білім беретін мемлекеттік және жеке меншік орталықтар. Ең білікті мамандар да осында, оқушылардың жоғары білім көрсеткіштері де бұл қалаға тиесілі, ауқымды халықаралық білім беру инвестициялары да Алматыға кеп құйылуда. Осымен жетінші жыл қатарынан Алматы Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша көш бастап келеді, мектеп түлектерінің тең жартысы білім гранттарының иегерлері.

Бұл көрсеткіштерге қуатты материалдық-техникалық базаның арқасында қол жеткізілді. Елімізде алғашқы болып осы қаланың мектептері компьютерлермен, заманауи пәндік кабинеттермен жабдықталып, кең жолақты интернетке қосылды. Көшбасшылық тенденцияның өзі оңтүстік астанамызды алға жетелеп келеді. Көштен қалу жылдар бойы қалыптасқан үрдіс пен дәстүр сабақтастығын үзумен пара-пар. Дегенмен Алматының қазір мықты бәсекелестері де жоқ емес. Олардың қатарында «Бақытта бала» атты бірегей жобасы бар Ақтөбе, кәсіпорын мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, оқушылардың бойына функционалды сауаттылықтың дәнін егіп жатқан Қарағанды бар. Бұл қуантарлық жағдай.

Өйткені 12 жылдық білім беру жүйесіндегі жаңартылған мазмұнды енгізудің басты талаптарының бірі де осы болатын. Алматы бұл бағытта тағы да көш бастап тұр деуге толық негіз бар. Қалада осы үдерістің басты тұлғасы – ұстаздардың кәсіби жетілуіне мүмкіндік беретін білім берудің жаңа технологияларының ғылыми-әдістемелік орталығы бар.

Педагогтардың шығармашалық тәжірибесі мен мектеп ұжымының жетістігі – оңтүстік астанамыздың әр мектебі мақтана алатын байлығы десек артық айтқандық емес.

Журналымыздың кезекті саны осы тақырыпқа арналып отыр. Мұғалімдер мен мектеп, колледждердің директорлары, балабақша мен қосымша білім беру орталықтарының меңгерушілері сынды авторлар білім беру мен тәрбие ісінің қыр-сырымен таныстырып, жетістіктерімен бөліседі. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізді «Білім беру саласын экономикалық дамудың жаңа моделіне айналдыруға» үндеп отыр. Осы бағытты бетке алған Алматы нық қадаммен алға басып келеді. Ұлттық мектепті шығыны көп сектордан Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына енгізетін негізгі факторына айналдыру сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асырылып келеді.

Ольга Шиленко